

# ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖІ СТУДЕНТІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Студенттік Парламенттің отырысында бекітілген 2.11.2023 ж.

Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МКК студенттері қауымдастығы:

- колледж миссиясын жүзеге асырудағы жауапкершілікті сезіне отырып,
- колледждің корпоративті мәдениеті мен имиджін сақтау және дамытуды өздерінің міндеті деп санап,
- колледжде студенттер, қызметкерлер мен әкімшілік арасындағы шынайы демократиялық қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтыла отырып қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі студенті үшін осы Ар-намыс кодексін қабылдайды және ұстануға келіседі.

## **Бап 1**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, колледж Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін, жатақханада тұру ережелерін және колледждің басқа да ережелерін сақтайды.

## **Бап 2.**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, Қазақстанның ұлттық мәдениетін, тарихы мен мемлекеттілігін біледі және құрметтейді, колледж дәстүрлерін мұқият сақтайды және арттырады.

## **Бап 3**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті басқа студенттермен, оқытушылармен және колледж әкімшілігімен қарым-қатынас кезінде сыпайылықты, әдептілікті пен парасаттылықты көрсетеді.

## **Бап 4**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті кез-келген адамға оның шығу тегіне және ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, діни немесе идеологиялық сенімдеріне қарамастан құрметпен қарайды.

## **Бап 5**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті өзінің оқу, оқу - өндірістік міндеттерін қатаң түрде орындайды, этикалық, академиялық және заң бұзушылықтарға жол бермейді, оның ішінде:

- плагиат;
- қолдан жасау;
- білімді бақылаудың барлық кезеңдерінде көмекші парақтарын (шпаргалка), көшіріп жазу мен заңсыз әрекеттерді қолдану;
- неғұрлым жоғары баға алу үшін отбасылық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану;
- пара беру;
- оқытушыны, өндірістік оқыту шеберлерін алдау және оларға деген құрметсіздік;

- сабақтан қалу және себепсіз кешігу.

#### **Бап 6**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті колледж мүлкінің сақталуын қадағалайды және оның аумағында бұзақылық көріністерінің орын алуына жол бермейді.

#### **Бап 7**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті колледж кітапханасына және ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарайды, немқұрайлылық пен саботаждан аулақ болады.

#### **Бап 8**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті ұқыпты киім үлгісін сақтайды және әрдайым көркем эстетикалық келбетке ие болады.

#### **Бап 9**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің мәдени, моральдық және физикалық деңгейін көтеруге тырысады, колледждің қоғамдық, мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсенді қатысады.

#### **Бап 10**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті колледж ішінде де, оның сыртында да заңсыз әрекеттерден аулақ болуы керек.

#### **Бап 11**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті елдегі тәртіпті тұрақсыздандыруға бағытталған ақпараттың таралуына жол бермеуі, сондай-ақ рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, пикеттерге, акциялар мен шерулерге қатысуға жол бермеуі керек.

#### **Бап 12**

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті колледж мүдделеріне қайшы келетін, колледж имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез-келген іс-әрекеттен аулақ.

#### **Бап 13**

Кодекстің ережелерін бұзушылықты анықтаған қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті оны өз күшімен басып тастауға тырысады немесе бұл туралы студенттік өзін-өзі басқару жүйесіне немесе әкімшілікке хабарлайды.